

**Коммерциялық емес
акционерлік
қоғам**



АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА
ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС
УНИВЕРСИТЕТІ

Қазақ және орыс тілдері
кафедрасы

КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІ

5B071600 – мамандығының студенттеріне арналған дидактикалық
материалдар мен әдістемелік нұсқаулықтар

Алматы 2015

Құрастырушы: Ахметова Эльмира Тұрсыновна, Әлмұхаметова Гүлмира Сатыбалдиевна. Кәсіби қазақ тілі. 5В071600 – Ақпараттық қауіпсіздік жүйесі мамандығының студенттеріне арналған әдістемелік нұсқаулықтар. - Алматы: АЭЖБУ, 2015. - б.

Ұсынылып отырған әдістемелік нұсқаулық «Кәсіби қазақ тілі» пәні бойынша «Аспап жасау» мамандығында оқитын студенттерге арналған. Әдістемелік нұсқаулықты жазудағы басты мақсат – мемлекеттік тілді өзге тілді студенттерге қатысымдық бағытта, өз мамандықтарының ерекшелігін ескере отырып меңгерту, техникалық терминдерді қолдану дағдысын қалыптастыру.

Кесте - . Сурет- .

Пікір беруші:

«Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2015 жылғы жоспары бойынша басылады.

© «Алматы энергетика және байланыс университеті» КЕАҚ, 2015 ж.

2015 ж. жиынтық жоспары, реті 71

Мазмұны

Алғысөз.....	3
Мамандығым – мақтанышым.....	4
Pentium микропроцессорының ерекшеліктері.....	6
Терминдер және олардың жасалу тәсілдері.....	7
Микроэлектроника.....	8
Оптоэлектроника.....	9
Лексика-семантикалық тәсіл.....	10
Наноэлектроника - ХХІ ғасырдағы информациялық жүйенің негізі.....	11
Аналитикалық тәсіл.....	12
Жартылай өткізгіштік микросұлбаның элементтерін қалыптастыру..	12
Өлшеу процестері және өлшеуіш құралдар.....	14
Аналогтық аспаптардың өлшеуіш механизмдері.....	15
Цифрлық аспаптар.....	16
Процессор.....	17
Электронның элементтік базасы: жартылай өткізгіштік аспаптар мен интегралдық сұлбалар.....	18
Аббревиатуралар.....	19
Цифрлық микросұлбалар дегеніміз не?.....	19
Аударма туралы.....	20
Ғылыми-техникалық әдебиетті аудару.....	23
Орыс тілінен қазақ тіліне өз бетімен аударуға арналған мәтіндер.....	23
Қазақша – орысша терминологиялық сөздік.....	27
Әдебиеттер тізімі.....	33

АЛҒЫСӨЗ

Бүгінде жоғары оқу орындарында, әсіресе техникалық жоғары оқу орындарында мемлекеттік тілді оқыту сапасының деңгейін көтеруге, кәсіби тілді меңгеруге байланысты жұмыстар жүргізу күн тәртібіндегі өзекті мәселеге айналды.

Ұсынылып отырған әдістемелік нұсқаулық «Кәсіби қазақ тілі» пәні бойынша «Аспап жасау» мамандығында оқитын студенттерге арналған. Әдістемелік нұсқаулықты жазудағы басты мақсат – мемлекеттік тілді техникалық жоғары оқу орнының студенттеріне мамандықтарына сай қатысымдық бағытта, өз мамандықтарының ерекшелігін ескере отырып меңгерту, техникалық терминдерді қолдану дағдысын қалыптастыру.

Әдістемелік нұсқаулықта мамандыққа қатысты терминдердің жасалу жолдары, терминдердің мағынасын түсіндіруге септігін тигізетін тапсырмалар, кәсіби сала мәтіндері берілген. Сөздіктермен, салалық сөздіктермен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру, лексикалық, синтаксистік оралымдарды танып, дұрыс аудару білу дағдыларын меңгерту, техникалық мәтіндерді қазақшадан орысшаға және орысшадан қазақшаға аудару тәсілдерін нақты мәтіндер үлгісін қолдана отырып игертудің тиімді жақтары қарастырылды. Әдістемелік нұсқаулықта берілген материалдар студенттердің кәсіптік мамандығын ескере отырып, қазақ тілін қарым-қатынас құралы ретінде меңгертуге септігін тигізеді деген ойдамыз.

Бәсекеге қабілетті білікті маман дайындау – бүгінгі күннің басты талабы

1-тапсырма. Берілген мәтіндегі ойды жалғастырыңыз.

Мамандық таңдау – адам өміріндегі маңызды кезеңдердің бірі. Мамандықтың түрлері көп. Бірақ заман талабына сай сол мамандықтардың бірі жойылып, бірінің мазмұны өзгерсе, енді бірі пайда болып жатады. Мамандыққа деген қажеттілік нарық талабына сәйкес өзгеріп отырады. Бүгінгі таңда елімізге қандай мамандықтар қажет? «Бәсекеге қабілетті маман болу» дегенді сіз қалай түсінесіз?

2-тапсырма. Өзіңіз білетін мамандық атауларын жазып шығыңыз.

Мамандығым – мақтанышым

Аспап жасау мамандығы барлық салада қажетті мамандықтардың бірі.

Бұл мамандық иелері электрондық жүйелерді жобалау және бағдарлама жасау бойынша қазіргі компьютерлер арқылы микроэлектрониканы жобалау бойынша білім алады. Мамандық 3 бағыт бойынша әзірленеді. Студент көрсетілген бағыттарды бірінші курстан кейін таңдай алады. Төменде қызмет бағыты мен саласы көрсетілген:

Бағыты:

Жұмыс саласы:

Ғарыштық аспаптар

Ғарыштық конструкторлы техниканың технологиялық мәселелері және элементтік базасы; жердің жасанды серігінің ғарыштық басқару аспаптары тағы басқалар ғарыштық аппараттар және жүйелер;

Мехатроника және роботты техника

(мұнай-газ, өндірістік, банктік) әр түрлі салалардағы компьютермен басқарылатын техниканы жобалау, пайдалану және жөндеу.

Биотехникалық және дәрігерлік аппараттар мен жүйелер

Емдеуге және диагностикаға арналған аппараттар. Фармацевтикалық салаларда қолданылатын аппараттар мен машиналар.

Оқу барысында студенттер электроника мен микропроцессорлық техниканы, компьютерлер мен бағдарламалық техниканы қолдануды оқып үйренеді. Біздің нысандар ғарышта және әскери қорғау; транспорт және байланыс; автоматтандырылған өндіріс; банк және офистік техника; медицина; шоу–индустрия және тағы басқа салаларда қолданылады. Механика, электроника, компьютер және бағдарламалау пәндерінен білімі және іскерлігі бар аспап жасау бакалавары мұнай газ, тау кен өндірісі және тағы басқа салаларда; банктерде және жауапты қызметтерде жұмыс істей

алады.

Жоғары оқу орнын немесе мамандықты таңдағанда мұғалімдердің кәсіби деңгейіне, сондай-ақ оқу зертханалары мен тәжірибе өткізетін орындардың санына және олардың қамтамасыз етілуіне көңіл аударған жөн.

Біздің университет Қазақстанның алдыңғы техникалық жоғары оқу орындарының бірі. Мамандыққа дайындау «Электроника» кафедрасында жүзеге асырылады.

1-тапсырма. Мәтінді оқыңыз, мәтін тақырыбы не туралы?

2-тапсырма. Мәтіндегі мамандығыңызға қатысты кәсіби сөздердің астын сызыңыз.

3-тапсырма. Сөздіктің көмегімен төменде берілген сөз тіркестерін аударыңыз. Осы сөз тіркестерімен сөйлем құрастарыңыз.

Аспап жасау мамандығы, электрондық жобаларды жобалау, ғарыштық аспаптар, жердің жасанды серігі, кәсіби деңгей, бағдарламалық техниканы қолдану, мұнай-газ өндірісі, дәрігерлік аппараттар мен жүйелер, басқару аспаптары.

4-тапсырма. Екеуара сұхбатты оқыңыз, аударыңыз.

А - Сіз қандай мамандық түрлерін білесіз?

С - Өмірде мамандық түрлері өте көп. Мысалы: дәрігер, мұғалім, сәулетші, заңгер, экономист, қаржыгер, энергетик және т.б.

А - Әке – шешеңіз қандай маман иелері?

С - Менің әкем – инженер, шешем – дәрігер

А - Бала кезіңізде кім болғыңыз келді?

С - Мен бала кезімде дәрігер болуды армандадым.

А - Ал қазір кім болғыңыз келеді?

С - Әкем сияқты инженер – бағдарламашы болғым келеді.

А - Сіз неге бұл мамандықты таңдадыңыз?

С - Себебі зауыттарға, фабрикаларға, шахталарға инженерлер, бағдарламашылар, энергетиктер, техниктер қажет.

А - Сіз оқитын оқу орнында қандай мамандарды даярлайды?

С- Мен оқитын оқу орнында энергетика, радиотехника, байланыс, жылуэнергетика, аспапжасау саласының мамандарын дайындайды.

А - Жақсы маман болу үшін не істеу керек?

С - Жақсы маман болу үшін жақсы оқу керек, көп іздену керек

5-тапсырма. Ой қозғау. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1) Мамандық таңдауда ең бастысы не: қабілет пе, дарын ба әлде мамандықтардың қоғамдағы беделі ме?

2) Сіздің мамандығыңыз нарық заманында бәсекелістікке төтеп бере ала ма?

3) Адам бірнеше мамандықты меңгерсе, оның өмірі қандай болады деп ойлайсыздар?

4) Адам өз мамандығын таңдаған кезде нені басшылыққа алуы керек?

Pentium микропроцессорының ерекшеліктері

Кез келген жаңа микропроцессорды жасауда жобалаушылар бірінші кезекте олардың жылдамдығы мен қуаттылығын арттыруға тырысады Pentium микропроцессорын жасауда олар мынадай жолдармен шешіледі:

а) МП-дың функциялық мүмкіндігін кеңейту мақсатымен P5 кристалындағы транзисторлар саны 3 млн-нан асырылып отыр. 294 мм² кристалға мұншама транзисторды сидыру үшін технологиялық ажыратулық қабілеттілігі 0,8 мкм-ге дейін жеткізіледі. Бұл жерде «көп транзистордың көп мүмкіншілігі бар» деген қағидамен Intel фирмасының негізін қалаушылардың бірі *Мурдың* атымен аталған заңдылықты еске алуымызға болады: «микропроцессордың жан-жақты өсіп өркендеуі үшін транзисторлар санының жылдық өсімі 2 есе болып отыруы тиіс». Бұл заңдылықтың осы уақытқа дейін сақталып келгенін ескеріп, ары қарай да орындала береді деп болжамдасақ, 2000-жылдары бір кристалдан 50 млн транзистор алатын боламыз;

б) пайдаланылған 8 кбайт 2 кэш-жады микропроцессор кристалдың тікелей өзінде орналасып, оның «алыстағы» шығу жадымен жиі «хабарласуының» қажеттілігін азайтып отыр. Әлбетте, бұл аз шығынмен құрылғы жылдамдығын көп арттыруға мүмкіндік береді;

в) есептеу жылдамдығын арттыру үшін P5 құрылымында бір такт мезгілінде екі бұйрық қатар орындалып, екі конвейерлік жүйе қатар пайдаланылады. Бұрынға құрылымдармен салыстырсақ 386 да екі тактіде бір бұйрық орындалса, 486 - да бір бұйрық толығымен бір тактіде орындалып отырды;

г) есептеу барысы қай жолмен, қандай бағытта жалғастырылу қажеттігі алдын ала болжамдалып, ең тиімді деген жолға салынып отырады;

д) берілген мерзім аралығында жұмыс атқару өнімділігін арттыру үшін МП-нің жұмыс жиілігі 2,5 МГц аралығында болса, бірінші шыққан Pentium-нің жұмыс атқару жиілігі 60 МГц-тен басталып, 150 МГц-ке дейін жетпекші. Олар секундына 250 млн амал орындамақшы;

е) МП архитектурасының разрядтығы (немесе сөз ұзындығы) неғұрлым үлкен болса, ол бір тактінің ішінде соғұрлым көп ақпараттық мәліметтерді өңдей алады. Жоғарыда талданып өткен 8080 МП-ның разрядтығы 8-ге тең еді, ал 8086-да – 16, 80386-да – 32 болып, ал P-ке келгенде 64-ке жетіп отыр.

1-тапсырма. Мәтінді оқып шығыңыз, мәтінге сөздік түзіңіз.

2-тапсырма. Берілген сөздер мен сөз тіркестерін аударыңыз.

Микропроцессорларды жасау және жобалау, жылдамдығы мен қуаттылығын арттыру, мүмкіндігін кеңейту, ажырату қабілеттілігі, жылдық өсімі, мүмкіндік береді, есептеу жылдамдығын арттыру, жұмыс өнімділігін арттыру, ақпараттық мәліметтерді өңдеу, жұмыс жиілігі.

3-тапсырма. Мәтіннен мамандыққа байланысты терминдерді тауып, олардың мағынасын анықтаңыз.

4-тапсырма. Мәтінді мағыналық бөлімдерге бөле отырып, жоспар құрыңыз. Жоспар бойынша мәтінді әңгімелеңіз.

5-тапсырма. Сөздіктің көмегімен берілген мәтінді қазақ тіліне аударыңыз.

Приборы - это органы чувств современной техники. Приборы обязаны своим появлением и развитием таким отраслям техники, как авиационная, ракетно – космическая, судостроительная, атомная, химическая и энергетическое машиностроение и др. Современное приборостроение вносит неоценимый вклад в прогресс новой техники, каждого конкретного технического направлений и каждой отрасли народного хозяйства. Большая часть работ по созданию приборов для развития различных направлений в отечественном технике проводилась с учетом интересов оборонного комплекса, поэтому держалась в секрете.

Терминдер және олардың жасалу тәсілдері

Термин (лат. *terminus* шек, шекара) – ғылым, техника, өндіріс, өнер саласындағы белгілі бір ұғымды атау үшін қолданылатын сөздер мен сөз тіркестері.

Терминжасам тілдің сөзжасам жүйесінің бір тармағы болғандықтан, ол сөзжасамның жалпы заңдылықтарын сақтайды. Олай болса терминжасамда сөзжасамның тәсілдері қолданылады.

Техника терминдерінің сөзжасамдық тәсілдері төмендегідей бөлінеді (1кесте).

1 кесте –Техника терминдерінің сөзжасамдық тәсілдері



Синтетикалық тәсіл

Техника саласына байланысты терминдердің *синтетикалық тәсілі*, яғни сөз тудырушы жұрнақтар арқылы термин жасау маңызды орын алады. Сол себептен болар сөзжасамның бұл тәсілі қазақ тіл білімінде кеңінен зерттелген.

Техника терминдерін тудырушы жұрнақтардың белсенділік деңгейі әртүрлі. Мәселен:

-*ғыш*, -*гіш*, -*қыш*, -*кіш* жұрнақтары арқылы көптеген терминдер қалыптасқан. Бұл жұрнақтар термин жасауда өнімді жұрнақтардың қатарынан

табылды. Мысалы: *сақтандырғыш, көрсеткіш, түрлендіргіш*. Атаулы жұрнақтардың көмегімен жасалған терминдер жоғарыда келтірілген мысалдардан орыс тіліндегі *-тель* суффиксімен жасалған қосымшаларға сәйкес келетінін байқау қиын емес.

-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік жұрнақтары арқылы *қолжетерлік, оңтайлық, тұтастық, жасырындылық, қауіпсіздік, ақпараттық* т.б. терминдер қалыптасқан. Бұл жұрнақтар зат есім, сын есім тұлғалы сөздерге жалғану арқылы жаңа термин атауы жасалып тұр.

1-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.

Микроэлектроника

Физикалық электрониканың үздіксіз дамуы айрықша мәнді кезеңге – микроэлектрониканың пайда болуына жеткізеді. Кремнийдің өте кішкене (миниатюралы) жұқашаларынан немесе тұтас жиынтықтарынан орындалған, құрамындағы элементтердің тығыздығы жоғарғы дәрежеде болатын интегралдық тәсімдердің (ИТ) физикалық және техникалық мәселелерімен айналысатын ғылым мен техника саласын микроэлектроника деп атауға келісілген. Қысқасы, микроэлектроника дегеніміз, керекті қасиеттері бар әртүрлі элементтердің жасалынуымен айналысатын сала. Бұл элементтерге жататындар: жалғаулық өткізгіштер, актив элементтер (биполяр мен өрістік транзисторлардың құрамына кіретін р-п және металл-шалаөткізгіш өткелдері), сондай-ақ пассив элементтер (резисторлар мен конденсаторлар). Жоғарыда аталып өткен барлық элементтер өздерінің оқшаулағыш (изоляциялаушы) пен өткізгіш аймақтарымен көбіне кремний немесе басқа шалаөткізгіштің беті мен көлемінде бір төсеніште (подложкада) жасалады. Сондықтан, бұл салада қабыршақтардың (пленкалардың) өсетін орындары мен қалыңдығын, сондай-ақ төсенішке енгізілетін қоспалардың үйірленуін (концентрациясын) басқаруға мүмкіндік беретін тәсілдер қолданылады. Бұның нәтижесінде күшейту, есте сақтау, сигналдарды ығыстыру және т.б. амалдары ИТ (интегралдық тәсімдер) жасалады. ИТ мен қатар үзіктілікті элементтерден жиналған электр тізбектері қолданбалы электроника зерттейтін объектілер болып табылады. Бұның бәрі физикалық пен қолданбалы электрониканың өзара байланысы бір-біріне еніп кеткендігін көрсетеді.

2-тапсырма. Мәтіндегі түсініксіз сөздер мен сөз тіркестерін теріп жазыңыз, олардың орысша баламасын беріңіз.

3-тапсырма. Берілген тіркестерді қатыстырып, сөйлемдер құраңыз. Электрониканың дамуы, ғылым мен техника саласы, есте сақтау амалдары, электрониканың өзара байланысы.

4-тапсырма. Мәтінді абзацтарға бөліп, әр бөлік бойынша сұрақтар дайындаңыз. Сұрақтарға жауап беру арқылы мәтінді баяндаңыз.

5-тапсырма. Мәтіннен синтетикалық тәсіл арқылы жасалған термин сөздерді тауып, жасалу жолдарына назар аударыңыз.

6-тапсырма. Тірек сөздерді пайдалана отырып, микроэлектроника жөнінде мәлімет жазыңыз.

1-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.

Оптоэлектроника

Оптикалық және электрондық құбылыстар физикалық тұрғыдан өзара терең байланысты. Жарық генерациясы (пайда болуы) – бұл электрондық құбылыс. Кері құбылыс – жарық көмегімен электр энергиясын алу – жақсы белгілі, мысалы, күн батареясы. Жарық пен электрдің өзара түрленуімен байланысты болатын оптоэлектрондық құбылыстардың қолданылып жүрген эффектілері мыналар: электрооптикалық эффект; Фарадей эффектісі және оған тектес құбылыстар; рекомбинациялық сәулелену; фотоөткізгіштік және оған тектес құбылыстар; электролюминесценция; Франц – Келдіш эффектісі; басқармалы қоспалы, экситондық пен плазмалық жұту мен шағылысу; фотохромдық, фототермопластикалық эффектілер және т.б. Сонымен, қорыта келгенде, электроникаға сәйкес оптоэлектрониканы, заттардың ішіндегі оптикалық пен электрондық құбылыстарды байланысты түрде зерттейтін, олардың негізінде жаңа аспаптар (элементтер) мен ақпараттық жүйелердің жасалынуымен айналысатын ғылым саласы деп анықтауға болады. Шартты түрде оптоэлектрониканы мына төмендегі үш салаға бөліп жүр.

1) Фотоника. Бұл салада тек қана оптикалық сигналдар түрінде берілген ақпаратты сақтау, жеткізу, өңдеу мен бейнелеу үшін қолданылатын құрылғыларды жасау әдістерімен айналысады.

2) Радиооптика. Бұл сала радиофизика қағидалары мен әдістерінің оптикада қолданылуымен айналысады.

3) Оптроника. Ішкі оптикалық байланыстары бар электрондық құрылғыларды (оптоэлектрондық тәсімдер делінетін) жасау әдістерімен айналысады. Оптоэлектрониканың өте маңызды, жақсы жақтары келесі:

а) жарық шоқтарын қолданғандықтан, тәсім элементтеріне өз еркімен әрекет істеуіне мүмкіндік беріп, гальваникалық байланыстардан босану (құтылу) және кері оптикалық байланыстарды ұйымдастыру мүмкіншілігі;

ә) сигналдардың бір бағытта ғана (жарық көзінен қабылдағышқа) тарауы;

б) жарық шоқтарының демеуіштерінің көбін пайдаға асыру мүмкіндігі (интенсивтік, жиілік, фаза, поляризация).

2-тапсырма. Дұрыс сәйкестігін табыңыз

1	электрондық құбылыстар	1	обработка информации
2	жарық генерациясы	2	оптические сигналы

3	оптикалық сигналдар	3	электронные явления
4	ішкі оптикалық байланыстар	4	внутренние оптические связи
5	электрондық құрылғыларды жасау	5	в виде оптических сигналов
6	оптикалық сигналдар түрінде	6	разработка электронных устройств
7	ақпаратты өңдеу	7	генерация света

3-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз:

- 1) Жарық генерациясы деген не?
- 2) Оптоэлектрониканың қандай салалары бар?
- 3) Оптоэлектрониканың артықшылықтары қандай?

4-тапсырма. Мәтінді мағыналық бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қойыңыз.

5-тапсырма. Мәтінге өз сөзіңізбен қысқаша аңдатпа жазыңыз.

Лексика-семантикалық тәсіл

Лексика-семантикалық тәсілде сөздің құрамы, тұлғасы ешбір өзгеріске түспейді, өзгеріс тек сөздің мағынасында ғана болады. Сөз дыбыстық, морфемдік құрамын сақтай отырып, тілдегі бұрынғы қолданылып жүрген мағынасының үстіне жаңа мағына қосып алады, тілде жаңа мағынасында да қолданыла бастайды. Сөздің тек мағынасында өзгеріс болғандықтан, бұл тәсіл лексика-семантикалық тәсіл аталған. Мысалы, ақпарат саласындағы *көз, қор, шама, өріс, желі* т.б. терминдердің мағыналары тілдегі түрлі қолданыста қалыптасқан (2 кесте).

2 кесте – Терминжасамның лексика-семантикалық тәсілі

Мысал	Мағыналары	Аспап жасау саласына байланысты мысалдар
көз	1) көру мүшесі; 2) бір нәрсенің шығар жері, қойнауы.	Ақпарат көзі, жарық көзі
қор	1) мол жиналған қазына, байлық; 2) бір нәрсенің жиналып қалған запасы.	ұлттық қор, деректер қоры
желі	1) негіз, арқау, өзек; 2) байланыс, жалғастық, сабақтастық.	ақпарат желісі, компьютерлік желілер

Наноэлектроника - ХХІ ғасырдағы информациялық жүйенің негізі

Наноэлектроника ғылым мен техникадағы жаңа бөлім, қазіргі замандағы қатты заттар физикасы, кванттық электроника, физикалық химия және жартылайөткізгіштік электроника технологиясы негізінде құрылады. Наноэлектроника облысын зерттеу жана принциптерді өңдеу

үшін, сонымен қатар информацияны өңдеудің миниатюрлі және тез әсерлі жаңа сатысы үшін пайда болды.

Информацияны тарату, өңдеу, алу операцияларын құрайтын құрылғылар «информациялық жүйе» ұғымын құрайды. Бұл құрылғылар сыртқы әсерді (дауыс, қысым, температура, ортаның химиялық құрамасы) электрлік сигналға түрлендіретін әртүрлі датчиктер; бұл электронды жүйелі түрлендіргіштер және де компьютерлік технология негізінде осы сигналдарды өңдеуіштер, сонымен қатар ол радиобайланыс және телекоммуникация. Бұл жүйедегі информация үзіліссіз электрлік сигнал ретінде – информацияны кодалаудың аналогты формасы немесе тізбектелген электрлі импульс ретінде – кодалаудың цифрлық формасы ретінде беріледі. Аналогты кодалау кезінде керекті информация үзіліссіз электрлі сигналдың сәйкес тербелісінің амплитудасы және жиілігімен беріледі. Цифрлық формада информация екілік кодада болады, ол электрлі импульспен беріледі, логикалық жағдай «0» болса, электрлік кернеу (немесе ток) болмайды, ал «1» болса электрлік кернеу (немесе ток) болады. Цифрлық кодтардың кателерден және бөгеттерден қорғанысы, есептеуіш жүйелердегі өңдеудің үлкен жылдамдығы және байланыс арналары арқылы өтетін информацияның үлкен тығыздықтағы берілуі, олардың жаңа информациялық жүйелерде кең таралуына негіз болды. Олардың негізгі элементі болып логикалық 0 және 1 тұрақты электрлі жағдайға сәйкес келетін электронды аспап. Олардың қарапайымы механикалық кілт болып табылады, электрлі тізбекті қосып және ажыратып екі аталған логикалық жағдайды іске қосады.

1-тапсырма. Берілген сөздер мен сөз тіркестерін сөздіктің көмегімен аударыңыз:


Қатты заттар физикасы, жартылайөткізгіштік электроника технологиясы, зерттеу, информацияны өңдеу, жүйелі түрлендіргіштер, арна, тізбек, тұрақты электрлі жағдай, электронды аспап.

2-тапсырма. Мәтіннен лексика-семантикалық тәсілмен жасалған терминдерді теріп жазып, аударыңыз.

3-тапсырма. Мәтіннен анықтауыштық тіркестерді табыңыз, оларды қатыстырып сөйлем құраңыз.

3-тапсырма. Сөз тіркестерін құрастырыңыз.

Үлгі: наноэлектроника саласы.




4-тапсырма. «Нанотехнологияның жетістіктері» тақырыбына реферат жазыңыз.

Аналитикалық тәсіл

Сөзжасамның аналитикалық тәсілі, яғни сөздердің тіркесуі, бірігуі, қосарлануы, қысқартылуы арқылы термин атауын жасау терминологияда өнімді тәсілдердің бірі болып табылады.

Техника терминдерінің *аналитикалық тәсілі* тірек-сызба негізінде берілді (3 кесте).

2- кесте – терминжасамның аналитикалық тәсілі



Жартылайөткізгіштік микросұлбаның элементтерін қалыптастыру

ИМС-тарда барлық элементтер жартылай өткізгіш технологиялық операция процесінде ортақ жартылай өткізгіш астарлық қабаттың (кремнийдің кристалы) үстінде жасалынады. Пленкалық интегралдық микросұлбаларда барлық элементтер диэлектриктен жасалған табанның (пассивті астарлық қабат) үстіне жұқа қабыршық болып жапсарылады. Қалың пленкалы және жұқа пленкалы ИМС-тар бар. Гибридті ИМС-тарда пассивті элементтер (резисторлар, конденсаторлар) диэлектрлік астарлық қабаттың үстіндегі жұқа пленка (қабыршақ) түрінде жасалып, ал активті элементтер (диодтар, транзисторлар) жеке-жеке өте кішкентай көлемді (микроминиаторлы) жасалып, сұлба тұрған платонның үстінен орын алады. Бірімен-бірі сыйысқан ИМС-тарды жартылай өткізгіш және пленкалық микросұлбалардың технологиясы негізінде жасайды, яғни транзисторлар мен диодтарды жартылай өткізгіштік ИМС-тардікіндей жасап, ал пассивті элементтер мен өзара қосылыстарды пленкалар түрінде астарлық қабаттың үстіне салады. ГОСТ 17021-75 бойынша, бір микросұлбаның корпусының ішіндегі элементтердің санына байланысты алты дәрежелі интеграция бар:

- бірінші дәрежелі – 1-ден 10-ға дейін;
- екінші дәрежелі - 10-нан 10 –ге дейінінен тұрады.

Көбіне 100-ден артық элементтері бар интегралдық микросұлбаларды үлкен интегралдық микросұлбалар (үлкен ҮИС) деп атайды.

Сонымен интегралдық микросұлба дегеніміз біркелкі технологиялық циклда, бір бүтін көлемде немесе жартылай өткізгіш кішкентай кристалдың үстінде біртұтас жасалған, активті және пассивті элементтерден, оларды қосатын және қосылғыш элементтерден тұратын функционалдық (күшейткіштік, түзеткіштік, генераторлық және тағы басқалары) түйін. Жартылай өткізгіштік микросұлбаларды жасау үшін диаметрі 30÷60 мм, жалпақтығы 0,25; 0,4 мм болатын кремнийдің монокристалды пластикаларын қолданады. Бір пластинкада бірден саны көп (300÷500-дей) бірдей функционалдық құрылымдар (элементтер мен өзара қосылғыштар тобы) топтық әдіспен жасалынады.

1-тапсырма. Кестеде берілген сөздердің баламасын тауып, кестені толтырыңыз

1	интегралдық микросұлбалар	1	
2	жартылайөткізгіш	2	
3	жұқа қабыршық	3	
4	пассивті астарлық қабат	4	
5	үлкен интегралдық сұлба	5	
6	фунуционалдық құрылымдар	6	

2-тапсырма. Мәтінде берілген сан есімдерді сөзбен жазыңыз, оларды қатыстырып сөйлем құраңыз.

3-тапсырма. Мәтіннің көмегімен берілген сөйлемді толықтырыңыз.

Интегралдық микросұлба дегеніміз ...

Жартылайөткізгіштік микросұлбаларды жасау үшін ...

Интегралдық микросұлбалар ... бөлінеді.

4-тапсырма. Мәтіннен лексика-семантикалық тәсілмен жасалған терминдерді теріп жазып, аударыңыз.

5-тапсырма. Мәтінге жоспар құрыңыз. Жоспар бойынша мәтінді қысқаша мазмұндаңыз.

6-тапсырма. Микросұлбалар туралы конспект жазыңыз.

1-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.

Өлшеу процестері және өлшеуіш құралдар

Энергетика шаруашылығы көп өндірістік кәсіпорындарының негізгі жүйесі болып саналады. Себебі энергетиканың арқасында энергетикалық күрделі процестер және өндірістік технологиялық түрлендірулер жасалады.

Энергетиканың басты және негізгі міндеті - кәсіпорындарды, түрлі шаруашылықтарды және мекемелерді, жеке тұрғындарды, оқу және ғылыми институттарын электр энергиясымен қамтамасыздандыру болып саналады. Сондықтан да энергетикалық есептеудің келесі мәселелерге мәні зор:

- энергоресурстарды шығындау мен өзіндік нарқын анықтау;
- кәсіпорын ішінде шаруашылық есеп жүргізу;
- шығындалған энергия үшін сыртқы мекемелермен есеп айырысу;
- энергетикалық бақылау мен энергетикалық баланс құру.

Энергоресурстарды есептеуге және санауға қажетті ақпараттарды алу үшін түрлі-түрлі әдістер мен тәсілдер, түрленгіштер мен құрылғылар қолданылады. Соның ішінде басты тәсіл болып электр параметрлерінің шамасын өлшеу болып саналады. Тек қана соларды өлшеу нәтижесінде энергоресурстарды есептеу, не бақылау және басқару үшін керекті ақпараттарды аламыз.

Өлшеу – физикалық құбылыстар мен процестердің шамалары туралы сандық ақпарат алудағы негізгі тәсіл. Жаңа машина және апаратты жасағанда, не қиын технологиялық өндірістік процестерді жүргізгенде көп физикалық шаманы өлшеуге тура келеді. Бұған көбісіне бейэлектрлік шамалар жатады, олар механикалық, жылулық, химиялық, оптикалық және акустикалық болып бөлінеді. Кәзіргі кезде бейэлектрлік шамаларды түрлендіру және өлшеу үшін электрлік әдістер мен тәсілдер, аспаптар мен құралдар көп қолданады. Себебі олардың қолдануда келесі ерекшеліктері және оңтайлықтары бар:

- 1) Олардың сезімталдығын (чувствительность), не өлшеу ауқымын (диапазон) оңай өзгертуге болады.
- 2) жиілік ауқымы кең болғандықтан олардың инерциясы аз болады.
- 3) алыстан өлшеу, бірден көп не әртүрлі шамаларды өлшеу, топтастыру не орталықтан оңай басқару.

2-тапсырма. Сөздікті пайдаланып, берілген кестені толтырыңыз.

1	Өлшеуіш құралдар	1	
2	Күрделі процестер	2	
3	Физикалық шама	3	
4	Бейэлектрлік шамалар	4	
5	Өлшеу ауқымы	5	
6	Жиілік ауқымы	6	
7	Шамаларды өлшеу	7	
8	Өлшеу нәтижесі	8	
9	Шамаларды түрлендіру	9	

3-тапсырма. Мәтінді абзацтарға бөліңіз, әр бөліктегі негізгі ойды табыңыз.

4-тапсырма. *Бұл мәтінде, мәселелер, қарастырылған, сипатталған, баяндалған, қысқаша және т.б. сөздердің көмегімен мәтінге аңдатпа жазыңыз.*

5-тапсырма. Мәтіннен мамандыққа қатысты термин сөздерді теріп жазып, жасалу тәсілін анықтаңыз.

1-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.

Аналогтық аспаптардың өлшеуіш механизмдері

Әр түрлі электр шамаларын өлшеу үшін магнитоэлектрлік, электромагниттік, электродинамикалық, ферродинамикалық және электростатикалық жүйелерде істейтін өлшеуіш механизмдер (ӨМ) қолданады.

Айнымалы тоқты өлшегенде айнымалы тоқты тұрақты токқа айналдыратын түрленгіштер қолданады. Магнитэлектрлік аспаптың артықшылықтары: сезімталдығы, аз мөлшерлі тоқты өлшегенде айналым моменттің жеткіліктігі, сыртқы магнит өрістердің әсері аздығы, энергияны аз пайдалану және өлшейтін объектіге әсері аздығы.

Оның кемшіліктері: конструкциясының қиындығы, сондықтан қымбаттығы, өлшейтін токтың мөлшерінің аздығы, ең көп болғанда 500 мА. Магнитоэлектрлік аспаптар тұрақты тоқты өлшейтін амперметр не вольтметр ретінде көп қолданылады. Оларды дәлдік кластары 0.1; 0.2; 0.5 шамада.

Электромагниттік аспаптардың шкалалары біркелкі болып орналаспаған. Олар тұрақты тоқты да өлшейді. Көбінесе олар айнымалы токты өлшеуіш амперметрлер мен вольтметрлер болып саналады.

Электромагниттік аспаптың артықшылықтары: тұрақты және айнымалы токтарды өлшеуге болатындығы, өлшеу аумағының кеңдігі, токтар 200 А дейін, кернеулерді 600 В өлшейді. Дәлдік класы 1,0; 1,5 дейін.

Оның кемшіліктері: шкаласы біркелкі емес, сезімталдығы төмен (әсіресе шкаланың басында), энергияны көп пайдалануы (сондықтан, электромагниттік милливольтметрлер жоқ), сыртқы магниттік өрістердің әсері бар.

Электродинамикалық өлшеуіш механизмның жұмыс істеу принципі магнитоэлектрлік механизммен бірдей, бірақ бір айырмашылығы бар, ол егер магнитоэлектрлік механизмде магнит өрісі тұрақты магнит арқылы пайда болса, ал электродинамикалық механизмде өлшейтін ток тұрақты орауышты өткенде пайда болады.

2- тапсырма. Мәтінге сөздік түзіңіз.

3-тапсырма. Сөздіктің көмегімен мәтінді аударыңыз.

4-тапсырма. Мәтіннің әр абзацына түрлендіріп бірнеше сұрақтан қойыңыз. Сұрақтарға жауап беру арқылы мәтінді баяндаңыз.

5-тапсырма. Мәтінге өз сөзіңізбен қысқаша аңдатпа жазыңыз.

1-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.

Цифрлық аспаптар

Цифрлық өлшеуіш аспаптар (ЦӨА) деп өлшеудің нәтижесі сан түрінде берілетін аспаптарды айтады. Олардың көп түрлілігіне қарамай негізгі құрылыстары бірдей болып келеді.

Кіру құрылғысы кернеуді не токты өлшеу шегін кеңітуге арналған. Ол ішіне кіру құрылғысы қосымша резисторлар мен шунттардың жиынтығын қолданады. Цифрлық өлшеуіш аспап басты сигнал көп рет келгеннен кейін өлшей бастайды.

Бұл аспаптардың өлшейтін сигналдарды түрлендіретін бөлшектерін өлшеуіш түрлендіргіштер деп атайды. Егер аналогтық сигнал басқа аналогтық сигналға өзгерсе, онда өлшеуіш түрлендіргіш аналогтық деп атайды, егер аналогтық сигналды сандық түрге не керісінше өзгертсе, өлшеуіш түрлендіргішті аналог-сандық не сандық – аналогтық деп атайды.

Егер ақпараттық параметр бірнеше бекітілген шамада болса, бұл сигналды дискреттелген не кванталған деп атайды.

Цифрлық өлшеуіш аспап ақпаратты тек қана дискреттелген уақыт кезінде сезе алады. Бұл уақыттың кезі басқару құрылғысы арқылы белгіленеді. Енді алынған дискретті сигналды (тұрақты кернеу) аралық (промежуточный) параметрге түрлендіру керек. Бұл параметр ретінде $T_{жа}$ уақыт аралығы алынған, мұны жүйелік, аралық деп атайды. Бұл аралыққа қоятын міндет, ол әр уақытта өлшейтін кернеуге пропорционал болу керек.

2-тапсырма. Мәтіннен берілген сөз тіркестерінің баламаларын тауып, кестені толтырыңыз.

1	Цифровые измерительные приборы	1	
2	Результаты измерения	2	
3	Устройсва ввода	3	
4	Измерительные преобразователи	4	
5	Аналоговый сигнал	5	
6	Промежуточный параметр	6	
7	Постоянное напряжение	7	

3-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыз.

4-тапсырма. Екеуара сұхбат түрінде мәтінді әңгімеленіз.

5-тапсырма. «Цифрлық аспаптар» тақырыбы бойынша қысқаша реферат жазыңыз.

1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыз.

Процессор

Процессор - көптеген жартылай өткізгішті элементтерден тұратын және компьютерде барлық есептеулер мен ақпарат өңдеу жұмыстарын орындайтын электрондық микросұлба. Қазіргі компьютерлерде бір немесе бірнеше процессорлар жұмыс істейді.

Процессор тікелей компьютердің класын анықтайды. Егер екі процессордың командалар жүйесі бірдей болатын болса, онда олар программалық деңгейде толығымен үйлесімді болады. Бұл бір процессор үшін жазылған программа екіншісі үшін де орындалатынын білдіреді.

Шектелген үйлесімділікке ие болған процессорлар тобын процессорлар топтамасы деп атайды. Бұрын дербес компьютерлер үшін процессорлар шығаратын тек Іпсіеі фирмасы болса, кейінірек АЭМ, Сугіх фирмалары да процессор шығарумен айналыса бастады.

Процессордың бір - бірінен өзгешелігі олардың типтері (модельдеріне) мен ырғақтық жиіліктерінде. Ырғақтық жиілік - олардың жұмыс жылдамдығының көрсеткіші. Ол мегагерцпен өлшенеді. Мысалы, Іпсіеі Репіит типтегі процессорлар 75, 90, 100, 120, 133, 150, 166, 200 және 233 МГц жиілікпен жұмыс істейді.

2-тапсырма. Берілген сөздер мен сөз тіркестерін аударыңыз. Осы тіркестерді қатыстырып, мәтіндегіден өзгеше сөйлемдер құраңыз.

Жартылай өткізгішті элементтер, ақпарат өңдеу, үйлеседі, ырғақтық жиіліктер, көрсеткіш, командалар жүйесі, программалық деңгей, процессорлар топтамасы.

3-тапсырма. Мәтіннен анықтауыштық тіркестерді табыңыз, оларды қатыстырып сөйлем құраңыз.

4-тапсырма. Мәтінді қосымша ақпараттармен толықтырыңыз.

5-тапсырма. «Процессорлар» тақырыбы бойынша презентация дайындаңыз.

1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыз.

Электронның элементтік базасы: жартылайөткізгіштік аспаптар мен интегралдық сұлбалар

Электрондық аспаптар кез келген электрондық сұлба мен құрылғының негізі. Құрылыс үйін бөлек-бөлек кірпіштен қалай тұрғызатын болсақ, электрондық сұлбаны да электрондық аспаптардан солай тұрғызамыз, Электрондық аспап дегеніміз зарядталған бөлшектерді вакуумда, қатты заттарда немесе иондалған газдарда белгілі бір бағытпен өтетін қозғалысына негізделген аспап. Токтың өтетін ортасына қарай электрондық аспаптар электровакуумдық (вакуумде), жартылайөткізгіштік (қатты денелерде) және иондық (иондалған газдарда) болып бөлінеді. Қазіргі кезде пайдаланылып

жүрген аспаптар негізінен жартылайөткізгіштік аспаптар болып табылады. Бұл олардың мына артықшылықтарына байланысты: біріншіден, жартылай өткізгіштік аспаптардың аумағы мен массасы аз, екіншіден, олардың пайдалы әсер коэффициенті өте жоғары; үшіншіден, бағасы арзан; төртіншіден, қозғалып, алынып – салынатын бөлшектері болмағандықтан механикалық тұрғыдан берік; бесіншіден, жұмыс істеу сенімділігі өте жоғары.

Электрвакуумдық аспаптардың негізгі түрлері - өзіміз күнделікті көріп жүрген электрондық лампалар (диод, триод, пентод т.б.) мен электросәулелік приборлар (электросәулелік осциллограф түтікшесі мен телевизор түтікшесі - кинескоп).

Иондық аспаптардың қатарына доғалы разрядта жұмыс істейтін газатрон, тиратрон, солғын разрядта жұмыс істейтін стабилитрон, тиратрон, декатрон, неон лампалары жатады. Қазір өндірісте ішінара қолданылып жүргенімен, аталған аспаптардың болашағы бар деп айту қиын. Тіпті осы аспаптардың жаңа түрлері шығып, сапалық жағынан жетілдірілгенімен, аталған аспаптардың болашағы бар деп айту қиын. Тіпті осы аспаптардың жаңа түрлері шығып, сапалық жағынан жетілдірілгенімен уақыт өте оларды жартылай өткізгіштік аспаптар сөзсіз ығыстырып шығарады. Ендігі сөз тиімді де, ұтымды жартылай өткізгіштік аспаптар, олардың жұмыс істеу принциптері жайлы болмақ.

2-тапсырма. Мәтінге сөздік түзіңіз.

3-тапсырма. Мәтіндегі термин сөздерді теріп жазыңыз, жасалу тәсілін анықтаңыз. («Терминдердің жасалу тәсілдері» тақырыбын қараңыз).

4-тапсырма. Мәтінді мағыналық бөліктерге бөліңіз, әр бөлікке ат қойыңыз.

5-тапсырма. Көлемді мәтінді қысқартып, мәтіндегі негізгі ойды жазыңыз.

6-тапсырма. Жартылайөткізгіштік аспаптар туралы қысқаша конспект жасаңыз.

Аббревиатуралар

Аббревиатура (лат. *ab* – бастапқыдан, *brevio* – қысқарту) – қысқартылып жазылатын сөз тіркесі. Аббревиатураның 2 түрі бар.

Инициалдық аббревиатура. Бұл – қысқартылып жазылған сөз тіркесіндегі басқы әріптерден немесе дыбыстардан ғана құралған аббревиатура. Мысалы: *БАҚ* (Бұқаралық апарат құралдары), *АЖ* (Ақпараттық жүйелер), *СЕБ* (Сенімді есептеу базасы).

Буындық аббревиатура (күрделі қысқартылған сөз). Бұл – сөз тіркесіндегі сөздердің бастапқы буындарынан немесе алғашқы сөздегі бастапқы буын мен соңғы сөздің тұтастай тіркестірілуінен құралатын, басқа да жолдармен жасалатын аббревиатура. Мысалы: *ұжымшар* (ұжымдық шаруашылық), *ҚазТАГ* (Қазақ телеграф агенттігі), *автокөлік* (автомобиль көлігі).

1-тапсырма. Қысқартылған сөздерді орысшаға аударыңыз.
АЭжБУ – Алматы энергетика және байланыс университеті
ҚР БжҒМ – Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі
ҒЗС – ғылыми зерттеу секторы
РТжБФ – радиотехника және байланыс факультеті
ЭЭФ – электр энергетика факультеті
ЖЭФ – жылу энергетика факультеті
АТҚЕО – ақпараттық техникалық қамтамасыз ету орталығы
ЖЗҚ – жинақтаушы зейнетақы қоры
ҚР ҚМ – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
ҚР ҰБ – Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі


1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыз.

Цифрлық микросұлбалар дегеніміз не?

